

Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 48/8-IV "2008 жылға арналған Астана қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 4 сәуірдегі N 78/14-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2008 жылғы 13 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 534 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 202/31-IV шешімімен

Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 202/31-IV ш е ш і м і м е н

Қолданушылардың назарына!!!

Шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы»"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Кодексінің 462-бабына , 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 19-бабының б) тармақшасына, 101-бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының базалық және шекті ставкаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 48/8-IV "2008 жылға арналған Астана қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 3 наурызда N 489 тіркелген, 2008 жылғы 6 наурызда N 31, 2008 жылғы 13 наурызда N 34 "Астана хабары", 2008 жылғы 6 наурызда N 26, 2008 жылғы 13 наурызда N 28 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

осы шешімге қосымшадағы "күл және күлшлактар⁴" жолындағы "78" саны " 18,1" санымен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді және 2008 жылғы 1 қаңтарда туындаған қатынастарға қолданылады.

<i>сессия төрағасы</i>	<i>Астана қаласы</i>	<i>мәслихатының</i>
	<i>С. Богатырев</i>	
<i>хатшысы</i>	<i>Астана қаласы</i>	<i>мәслихатының</i>
	<i>В. Редкокашин</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК